



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР МЕН ЖАЛҒА БЕРУШІ АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы 2023



МАЗМҰНЫ

1-бап. Жалпы ережелер.....	2
2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы.....	2
3-бап. Сақтандыру объектісі	3
4-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі	3
5-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері	4
6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	6
7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы.....	7
8-бап. Франшиза	7
9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	7
10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен аумағы.....	8
11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	9
12-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	12
13-бап. Сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушының әрекеттері.....	12
14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	13
15-бап. Сақтандырушыға Сақтанушының залалды өтеу бойынша құқықтарының ауысуы (суброгация).....	17
16-бап. Шарттың қолданылу мерзімі және тоқтатылу шарттары.....	17
17-бап. Қосымша шарттар	19
18-бап. Дауларды шешу тәртібі	20

1-бап. Жалпы ережелер

1. Осы үшінші тұлғалар мен жалға беруші алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі – Ережелер/Сақтандыру ережелері) талаптарына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады, заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі – сақтанушы) Сақтанушыны Сақтандыру ережелеріне қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Шарт/Сақтандыру шарты) жасасады.
2. Үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру сыйлықақысы үшін, сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы туындаған кезде, Сақтанушыға немесе сақтандыру шарты оның пайдасына жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы

1. Сақтанушы – мүліктің сақталуына мүдделі заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға, атап айтқанда: мүлік иесі, жалға алушы, жалға беруші, лизинг беруші, лизинг алушы және Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға.
2. Сақтанушы – заңды тұлға сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылған жағдайда, осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының келісімімен тиісті құқық мирасқорына өтеді.
3. Сақтанушы – жеке тұлға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының келісімімен оның мұрагерлеріне өтеді.
4. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылған тұлға болып табылады.



5. Сақтанушы сақтандыру шартында үшінші тұлғаны Сақтандырылған тұлға ретінде айқындауға құқылы.
6. Сақтандырылған тұлғаның пайдасына сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.
7. Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болып табылады:
 - 1) сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандыру шартында көрсетілген жылжымайтын мүлік бүлінген/жойылған жағдайда – жалға беруші;
 - 2) Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға келтірген және сақтандыру шартында көзделген талаптарға сәйкес өтелуге жататын мүлкіне, өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтірілген үшінші тұлға.

3-бап.Сақтандыру объектісі

1. Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының сақтандыру шартында көрсетілген мүлікке иелік ету, пайдалану және билік ету кезеңінде туындаған сақтандыру жағдайының салдарынан күтпеген шығыстар мен залалдарға байланысты мүліктік мүдделері, сондай-ақ Сақтанушының Жалға берушінің мүлкіне, үшінші тұлғалардың мүлкіне, өміріне және денсаулығына сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

4-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шартында көрсетілген үй-жайда орын алған газ жарылысы, су құбыры суымен су басу, оттың әсері, электр сымдарының қысқа тұйықталуы салдарынан, Сақтанушы осы шартта көрсетілген жалға алынған үй-жайларды пайдалану кезінде орын алған және соның нәтижесінде Сақтанушыға Жалға беруші тарапынан мүлкіне, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талап қойылған оқиғалар сақтандыру жағдайлары болып танылады, егер:
 - 1) оқиға Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алса;
 - 2) зиян келтіру мен оқиға арасында тікелей себеп-салдарлық байланыс болса және мұндай зиян сақтандыру шартына сәйкес өтелуге жатса;
 - 3) Сақтанушының әрекеттерінде өрескел абайсыздық белгілері болмаса.
2. Сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру шартында көрсетілмеген оқиғалар бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.
3. Сақтандыру ережелеріне сәйкес:
 - 1) өрескел абайсыздық деп Сақтанушының лауазымдық нұсқаулықтардың, қағидалардың және қызметті жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын айқындайтын өзге де нормативтік актілердің талаптарын бұзуы, сондай-ақ Сақтанушы қызметкерінің расталған кәсіби білімі мен тәжірибесі болмаған кезде қызметті жүзеге асыруы түсініледі;
 - 2) үшінші тұлғаның талабы деп Сақтанушыға тікелей жолданған жазбаша талап (оның ішінде талап қоюлар түрінде), сондай-ақ зиянның мөлшері мен себептері туралы дәлелдемелермен расталған және сақтандыру аумағында қолданылатын заңнама нормаларына негізделген сотқа талап арыздар түсініледі;
 - 3) зиянды өтеу туралы талап қою мүмкіндігін куәландыратын мән-жайлар деп Сақтандырушыға ұсынылған зиян келтіру фактісін, оның сипаты мен мөлшерін растайтын жазбаша дәлелдемелер (анықтамалар, актілер, уәкілетті органдардың қорытындылары және т.б.) түсініледі;
 - 4) баланстық құн (есептік сома) – бұл жылжымайтын мүліктің бастапқы немесе ағымдағы құны (жинақталған амортизация сомасын шегере отырып), олар есепті күнге бухгалтерлік есепте көрсетіледі;



- 5) Пайда алушы – Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға келтірген және осы шартта көзделген талаптарға сәйкес өтелетін мүлкіне, өміріне және денсаулығына зиян келтірілген үшінші тұлға;
- 6) нарықтық (нақты) құн – бұл тараптар мүлік туралы барлық қолжетімді ақпаратқа ие бола отырып әрекет ететін бәсекелестік жағдайында мәміле негізінде объектіні иеліктен шығару мүмкін болатын ең ықтимал баға.
4. Бір оқиға нәтижесінде бірнеше тұлғаның мүлкіне зиян келтіру бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.
5. Сақтандыру ережелеріне сәйкес тек нақты залал өтеледі, атап айтқанда мүлікке келтірілген зиянның құны, сондай-ақ өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянның құны, ал Сақтанушы үшін нақты залал болып табылатын өзге шығыстар мен залалдар өтелмейді.

5-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартудың және Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың жалпы негіздерінен басқа, төменде көрсетілген бір немесе бірнеше фактілер болған кезде, Сақтандырушы осы Сақтандыру шарты бойынша жауапкершілік көтермейді және шығыстарды өтемейді:
 - 1) Сақтанушының (бірге тұратын тұлғалардың) алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуы және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолдануы кезіндегі әрекеттері/әрекетсіздігі;
 - 2) Сақтанушының Қазақстан Республикасында белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын, қауіпсіздік техникасын және пайдалану тәртібін бұзуы;
 - 3) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның меншік құқығында тиесілі мүлкіне зиян келтірілген жағдайда;
 - 4) су құбыры және кәріз жүйелерін орнату мен қызмет көрсету бойынша нормаларды (ГОСТ және ҚНЖЕ) сақтамау, сондай-ақ құрылыс нормалары мен қағидаларында ұсынылмаған құрамдас бөліктер мен шығыс материалдарын пайдалану;
 - 5) мүлікті, коммуникацияларды мақсатсыз пайдалану, сондай-ақ пайдалану нұсқаулығы болған жағдайда оны бұза отырып пайдалану;
 - 6) террористік әрекеттер және саяси себептер бойынша кез келген үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері;
 - 7) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кәсіби жауапкершілігі;
 - 8) соғыс; басып кіру; шетел мемлекетінің жаугершілік әрекеттері; соғыс немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 9) бүлік; ереуіл; локаут; азаматтық және/немесе жаппай тәртіпсіздіктер, халықтық көтеріліске ұласатын немесе ұлғаятын; бүлікшілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; әскери басып алу немесе билікті заңсыз иемдену; тәркілеу; реквизиция немесе мүлікті ұлттандыру; террористік әрекеттер, өзге де әскери, ұрыс әрекеттері;
 - 10) радиоактивтік сәулелену немесе атом отынын жағудан пайда болған радиоактивтік отынмен немесе радиоактивтік қалдықтармен ластану;
 - 11) Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) алкогольдік, уытты немесе есірткілік масаң күйде жасаған әрекеттері;
 - 12) дүлей апаттар – жер сілкінісі, найзағай соғуы, су тасқыны, сел, дауыл, құйын, боран, тау опырылуы, көшкін, қар көшкіні;
 - 13) Сақтанушының төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы;
 - 14) Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның қасақана әрекеттері;
 - 15) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру оқиғасымен тікелей себеп-салдарлық байланыста болатын қылмыс жасауы;
 - 16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген зиян үшін Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жауапкершілігін жоққа шығаратын мән-жайлар.



2. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына келесі мән-жайлар да негіз болуы мүмкін:
 - 1) сақтандыру жағдайының Шарт күшіне енбеген кезеңде орын алуы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауы туралы Сақтандырушыны хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі, егер бұл Сақтанушының еркінен тыс себептермен немесе дәлелді себептермен байланысты болмаса және осы фактіні растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда;
 - 3) сақтандыру жағдайы туралы уәкілетті органдардың қорытындысының болмауы;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін Шартта белгіленген мерзімдерде төлемеуі;
 - 5) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
 - 6) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
 - 7) Сақтанушының/Пайда алушының/Сақтандырылған тұлғаның әрекеттері (әрекетсіздігі), олардың салдарынан Сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмауы;
 - 8) сақтандыру жағдайының туындау фактісін және себептерін растайтын Сақтандыру ережелерінің 14-бабында көрсетілген барлық қажетті құжаттардың ұсынылмауы (немесе толық көлемде ұсынылмауы);
 - 9) зиян келтіруге кінәлі тұлға Пайда алушы болып табылуы;
 - 10) Сақтанушының (бірге тұратын тұлғалардың) сақтандыру жағдайы туындаған кезде өтелетін залалды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы;
 - 11) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын тексеруге және келтірілген зиян мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі.
 - 12) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми интернет-ресурсында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – КЖ және ТҚ тізбесі) болуы;
 - 13) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеруді жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - 14) ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жүзеге асырылады деп пайымдауға негіздер болған жағдайда.
3. Осы Шарт бойынша сондай-ақ келесілер өтелмейді:
 - 1) сараптама жүргізуге арналған шығыстар, бұл шығыстар Сақтандырушының жазбаша ұсынымы бойынша жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда;
 - 2) Сақтанушының моральдық зияны және тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ Сақтандырушыға өтеуге ұсынылған моральдық зиян және тұрақсыздық айыбы;
 - 3) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның (оның қызметкерлерінің, өкілдерінің) өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиян, сондай-ақ үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян;
 - 4) сақтандыру жағдайына байланысты істі жүргізуге және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты шығыстар (көшірме жасауға, нотариаттық куәландыруға, сараптамаға, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтеріне ақы төлеу және т.б.);
 - 5) сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде Сақтанушыға салынған айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын және/немесе өзге де әкімшілік өндіріп алулар мен санкцияларды өтеуге байланысты шығыстар;
 - 6) қоршаған ортаның ластануы үшін жауапкершілік, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану салдарын жоюға арналған шығыстар;
 - 7) Сақтанушының өз қызметкерлеріне, сондай-ақ мердігерлердің, қосалқы мердігерлердің қызметкерлеріне келтірілген зиянға байланысты кез келген жауапкершілік;



- 8) қауіпті немесе уытты, немесе биохимиялық уыттармен байланысты иелену, пайдалану жауапкершілігі;
- 9) шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың таралуы, шығарылуы, төгілуі, бөлінуі немесе шығуы үшін жауапкершілік, бұл бір мезгілде немесе кенеттен орын алуына қарамастан;
- 10) Сақтанушының сот шығыстары.
4. Сақтандыру ережелеріндегі керісінше кез келген ережелерге қарамастан, Сақтандыру шарты инфекциялық аурумен немесе инфекциялық ауру қауіпмен (нақты немесе болжамды) тікелей немесе жанама түрде байланысты, кез келген басқа себеппен бір мезгілде немесе кез келген реттілікпен ықпал ететін немесе туындайтын, немесе соның салдарынан болған, немесе соған байланысты кез келген нақты немесе болжамды залалдарды, олар үшін Сақтандырылған тұлға жауапты болатын зиянды, өтемақыны, жарақатты, ауруды, өлімді, медициналық шығыстарды, қорғау шығыстарын, шығындарды немесе өзге де кез келген сомаларды сақтандыру қорғауымен қамтымайды.
5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген ескертпеге сәйкес, залал деп шығын, жауапкершілік, зиян, өтемақы, жарақат, ауру, өлім, медициналық төлемдер, қорғау шығыстары, шығындар, шығыстар немесе өзге де кез келген сомалар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, инфекциялық ауруларды тазарту, залалсыздандыру, жою, мониторинг жүргізу немесе тестілеу бойынша шығындар түсініледі.
6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген ескертпеге сәйкес, инфекциялық ауру дегеніміз – кез келген зат немесе агент арқылы бір организмнен екінші организмге берілетін кез келген ауру, егер:
 - 1) мұндай зат немесе агент, басқалармен қатар, вирус, бактерия, паразит немесе өзге организм немесе олардың кез келген түрлері болып табылса, оның тірі немесе тірі емес деп саналатынына қарамастан, және
 - 2) берілу тәсілі тікелей немесе жанама түрде, басқалармен қатар, ауа-тамшылы жолмен, дене сұйықтықтары арқылы, кез келген беттен немесе заттан, қатты, сұйық немесе газ тәрізді күйде, немесе организмдер арасында берілуін қамтыса, және
 - 3) ауру, зат немесе агент дене жарақаттарын, ауруларды, эмоциялық бұзылуларды, денсаулыққа зиянды, адамдардың әл-ауқатына немесе мүліктік зиянға әкелуі немесе қауіп төндіруі мүмкін болса.
7. Шарт қандай да бір жағдайда компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтамасыз етуді, кодты, вирусты немесе процесті немесе өзге де кез келген электрондық жүйені қасақана пайдалану немесе қолдану (зиян келтіру құралы ретінде) нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде туындаған залалдарды, зиянды, жауапкершілікті немесе шығыстарды өтемейді.
8. Сақтандыру шарты кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді, немесе өзге де электрондық жүйені кез келген қаруды немесе снарядты іске қосу және/немесе бағыттау және/немесе іске қосу механизмі жүйесінде пайдалану нәтижесінде туындайтын залалдарды өтемейді.

6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
2. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір объект бойынша жеке сақтандыру сомаларынан құралады.
3. Сақтандыру шартымен келесілер белгіленуі мүмкін:
 - 1) жалпы сақтандыру сомасы – сақтандыру қорғауының бүкіл қолданылу кезеңі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі;
 - 2) сақтандыруға қабылданған әрбір объект бойынша сақтандыру сомасы;
 - 3) әрбір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру сомасы;
 - 4) бір оқиға нәтижесінде туындаған сақтандыру жағдайларының сериясы бойынша сақтандыру сомасы;



- 5) әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша немесе сақтандыру тәуекелдерінің тобы бойынша сақтандыру сомасы;
- 6) сақтандыру сомасының өзге де түрлері.

7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

1. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушының сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігіне есептеледі.
2. Сақтандыру шартымен жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ сақтандыру шартымен сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне сүйене отырып, әрбір объект және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төленеді, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді.
4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы құқылы:
 - 1) сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
 - 2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленгенге дейін, оны төлеу мерзімі өтіп кеткен жағдайда орын алса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
 - 3) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленгенге дейін, оны төлеу мерзімі өтіп кеткен жағдайда орын алса, сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) сомасын есепке алуға.
5. Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу ұсынылған жағдайда және Сақтанушы осы Шартта көрсетілген төлем кестесіне сәйкес кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 5 (бес) күнгізбелік күннен артық кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы бүкіл кезең үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

8-бап. Франшиза

1. Сақтандыру шартымен тараптардың келісімі бойынша шартсыз франшиза көзделуі мүмкін. Шартсыз франшиза – зиян мөлшеріне және сақтандыру сомасына қарамастан, әрбір және кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің сомасынан шегеріледі.
2. Франшиза сақтандыру сомасынан пайызбен де, сондай-ақ белгіленген тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін.

9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнаманың нысаны Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.
2. Сақтанушының сақтандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау арқылы жасалады.
3. Егер сақтандыру шарты белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалған болса, бұл өтініш сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.



4. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.
5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
6. Сақтанушы сондай-ақ сақтандырылатын объектіге қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге міндетті.
7. Сақтандырылатын мүлік туралы ақпараттың дұрыстығына Сақтанушы жауап береді.
8. Егер сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы қойған қандай да бір сұрақтарға жауаптары болмаған жағдайда жасалған болса, Сақтандырушы кейіннен осы мән-жайлар Сақтанушы тарапынан хабарланбаған деген негізде сақтандыру шартын бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы емес.
9. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушы осы баптың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
10. Егер Сақтанушы хабарламаған мән-жайлар кейіннен жойылған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
11. Сақтанушының өтінішінде сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандырылуға жататын мүлікте бар зақымданулар мен ақаулар көрсетіледі. Сақтанушы өзіне тиесілі мүлікке қатысты басқа тұлғалар тарапынан қойылған талаптардың, сот талап-арыздарының бар екендігі туралы немесе қабылданған сот шешімдерінің бар екендігі туралы Сақтандырушыны хабардар етуге міндетті.
12. Сақтандыру шарты келесілерді қамтуы тиіс:
 - 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшері және сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;
 - 7) шарт жасалған күні және оның қолданылу мерзімі;
 - 8) егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса, сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы мәліметтер;
 - 9) сақтандыру шартының нөмірі;
 - 10) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
 - 11) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыны немесе Сақтандырылған тұлғаны хабардар ету мерзімдері;
 - 12) Сақтанушының бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бар болған жағдайда), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 13) егер сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) Сақтанушы болып табылмаса және сақтандыру шартында көрсетілген болса, оның бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бар болған жағдайда), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 14) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі.
13. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының көшірмесін береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп танылады және ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен аумағы



1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген жағдайда – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе.
2. Сақтандыру шарты, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, алғашқы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз күшін тоқтатады.
3. Сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе.
4. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы құқылы:
 - 1) Шарт жоғалған жағдайда – оның көшірмесін алуға;
 - 2) Сақтандырушының келісімімен Шарт талаптарын өзгертуге;
 - 3) Сақтандыру ережелерінің 16-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 4) Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие.
2. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға міндетті:
 - 1) Шартты жасасу кезінде Шартқа енгізу үшін қажетті барлық мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;
 - 2) Сақтандырушының өтінішін толтыруға;
 - 3) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
 - 4) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру объектісіне қатысты қолданыстағы басқа сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
 - 5) сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 6) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сондай-ақ Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардың елеулі өзгерістері туралы, егер бұл өзгерістер Шарт қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға. Шарт жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардың кез келген өзгерістері елеулі болып танылады;
 - 7) өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға және өртке қарсы қызметтердің және органдардың нұсқамаларын немесе талаптарын уақытында орындауға, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі нормаларының бұзылуын дербес жоюға;
 - 8) сақтандыру жағдайы туралы олардың құзыретіне сәйкес тиісті органдарға хабарлауға;
 - 9) Пайда алушы талап қойған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға;
 - 10) сақтандыру жағдайы туындаған сәттен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар етуге. Ауызша хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуы тиіс. Сондай-ақ Сақтанушыға келтірілген зиянды өтеу міндеті туындайтын оқиғаның себептері, барысы және салдары, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;
 - 11) сақтандыру жағдайы туындаған кезде қалыптасқан мән-жайларда мүмкін болатын залалды болдырмау немесе азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға, оның ішінде мүлікті құтқару бойынша шараларды;



- 12) үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу үшін Сақтандырушыға мүмкіндік беруге, бұл ретте сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі;
- 13) Пайда алушы ұсынған зиянды өтеу туралы талаптарды Сақтандырушының келісімінсіз толық немесе ішінара мойындамауға, сондай-ақ осындай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне алмауға;
- 14) зиянды өтеу туралы талаптар қойылған жағдайда Сақтандырушыға сотта және соттан тыс қорғауда барынша жәрдем көрсетуге;
- 15) егер Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы алынған ақпарат негізінде қосымша сақтандыру сыйлықақысының себептерін, мөлшерін және төлеу мерзімдерін көрсете отырып осы Шартқа қосымша келісім дайындаса, қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 16) сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талап қою мерзімдері ішінде заңға немесе осы Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз болатын мән-жай анықталған жағдайда, Сақтандырушының жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінің барлық сомасын Сақтандырушыға қайтаруға;
- 18) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауына және өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге береді. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы оларды одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
- 19) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін дербес деректерді жалпыға қолжетімді дереккөздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге береді;
- 20) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дереккөздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімін жазбаша түрде алуға міндетті;
- 21) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның өңдеуіне келісімінің болмауы үшін жауапты болады, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дереккөздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімнің болмауы, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін;
- 22) деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:
 - атауы (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
 - субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі немесе кезеңі;
 - оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе оның болмауы туралы мәліметтер;
 - дербес деректерді өңдеу процесінде трансшекаралық берудің бар-жоғы туралы мәліметтер;
 - дербес деректерді жалпыға қолжетімді дереккөздерде тарату туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі;



- 23) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының дербес деректерін, жалпыға қолжетімді дереккөздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильді қосымшаларда сақталатын деректерді, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында және әлеуметтік желілерінде жинауына және өңдеуіне береді;
 - 24) Сақтанушы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқарады.
- 3. Сақтандырушы құқылы:**
- 1) Сақтанушы ұсынған ақпаратты тексеруге;
 - 2) кез келген уақытта Сақтанушының Шарт талаптарын орындауын тексеруге, бұл ретте Сақтанушы бұған кедергі жасауға құқылы емес;
 - 3) Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға Шарт талаптарын бұзған жағдайда, оларды жою бойынша Сақтанушыға немесе Сақтандырылған тұлғаға міндетті жазбаша нұсқаулар беруге;
 - 4) сақтандыру жағдайы бойынша барлық қажетті құжаттарды уәкілетті органдардан сұратуға;
 - 5) егер сақтандыру жағдайы Шарт талаптарын бұзу салдарынан орын алса, сондай-ақ Сақтандыру ережелерінің 6-бабында көрсетілген негіздер бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
 - 6) үшінші тұлғалардың зиян келтіру туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға, Сақтанушының атынан және тапсырмасы бойынша сотта істерді жүргізуді өзіне алуға;
 - 7) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туындаған кезде Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе тәуекелдің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
 - 8) сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға талап қою құқығын жүзеге асыруға;
 - 9) Сақтандыру ережелерінің 16-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 10) Сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие;
 - 11) клиенттерді тиісті тексеруді жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге.
- 4. Сақтандырушы міндетті:**
- 1) Сақтанушының Шарттың жоғалғаны туралы жазбаша өтінішін алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның көшірмесін беруге;
 - 2) сақтандыру жағдайының туындауын, оның себептерін, залал мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алуға құқығын растайтын барлық қажетті құжаттар болған жағдайда, соңғы қажетті құжатты алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе одан бас тартуға;
 - 3) Сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқарады;
 - 4) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми интернет-ресурсында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – КЖ және ТҚ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұратуы бойынша тиісті тексеруді жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жүзеге асырылады деп пайымдауға негіздер болған жағдайда.
- 5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа тармақтарында көзделген және сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.**



12-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
2. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер мен мән-жайлар елеулі болып танылады:
 - 1) сақтандыру аумағының өзгеруі;
 - 2) Сақтанушы қызметінің түрінің өзгеруі;Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін өзге де елеулі өзгерістер көзделуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шартты бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушының істі жүргізу шығыстарын және сақтандыру қызметінен алынатын табыс салығын ескере отырып, сақтандыру қорғауының қалған мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы.
5. Осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті Сақтанушы орындамаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және оны бұздан келтірілген залалды өтеуді талап етуге, немесе сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес азайтуға, не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

13-бап. Сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушының әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туындаған кезде және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соғуы мүмкін болған жағдайда, сондай-ақ сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтанушы міндетті:
 - қалыптасқан мән-жайларда мүмкін болатын залалды болдырмау немесе азайту үшін барлық ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға, оның ішінде бүлінген мүлікті құтқару және сақтау бойынша шараларды (егер Сақтандырушы нақты шараларды қабылдау туралы нұсқаулар берген болса, соларды орындауға міндетті);
 - оқиғаны уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдармен құжаттық ресімдеуді қамтамасыз етуге;
 - мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда ол туралы білген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген зиянның түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, әрі қарайғы әрекеттерді Сақтандырушымен келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Егер сақтандыру шартында өзге мерзім және (немесе) хабарлау тәсілі көзделсе, ол шартта белгіленген мерзімде және тәсілмен жүзеге асырылуға тиіс;
 - Сақтандырушы тексеру жүргізгенге дейін бүлінген мүлікті сақтандыру оқиғасының нәтижесінде болған күйінде сақтауға. Сақтанушы келтірілген зиянның көрінісін тек қауіпсіздік талаптарына, залалды азайту қажеттілігіне байланысты немесе Сақтандырушының келісімі алынған жағдайда, сондай-ақ оқиға туралы Сақтандырушыға хабарланғаннан кейін екі апта өткен соң ғана өзгертуге құқылы;



- сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;
 - Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (оқиға) болған орынды және бүлінген мүлікті қарау немесе тексеру жүргізуге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, залалды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару бойынша іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;
 - залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз етуге;
2. Сақтандырушының өкілі Сақтанушының залал туралы хабарламасын күтпей-ақ бүлінген мүлікті қарауға кірісуге құқылы. Сақтанушы бұған кедергі жасауға құқылы емес.
 3. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайының туындауы туралы Сақтандырушыны хабардар ету және қалыптасқан мән-жайларда мүмкін болатын залалды болдырмау немесе азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау жөніндегі міндет Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.
 4. Пайда алушы кез келген жағдайда, Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға бұл туралы хабарлағанына қарамастан, сақтандыру жағдайының туындауы туралы Сақтандырушыны хабардар етуге құқылы.
 5. Сақтандыру жағдайы туралы белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.
 6. Сақтандырушы немесе оның өкілдері сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау бойынша іс-шараларға қатысуға, Сақтанушыға қажетті шараларды қабылдау жөнінде нұсқаулар беруге құқылы.

14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

1. Егер Сақтандырушы тиісті түрде хабарланған орын алған оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныса, сақтандыру төлемі франшиза туралы талапты қолдана отырып және Шартта көзделген жағдайларда – амортизация туралы талапты қолдана отырып, сақтандыру жағдайынан келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің валютасы – теңге.
2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Сақтандырушы өзіне Сақтанушыдан тиесілі сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын есепке жатқызуға құқылы. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтанушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді
3. Мүліктік зиян келтірілген жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы франшиза және амортизация туралы талаптарды ескере отырып, нақты залал сомасынан шығып, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде айқындайды. Сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген мүліктік зиянның мөлшері тәуелсіз сарапшының бағалау туралы жазбаша есебі негізінде айқындалады. Бастапқыда тәуелсіз сарапшының қызметіне ақы төлеуді Сақтандырушы жүзеге асырады. Тәуелсіз сарапшының бағалау есебімен келіспеген жағдайда, зиянды қайта сараптауға ақы төлеуді шартсыз франшизаны шегере отырып, Сақтандыру шартының бастамашы Тарапы жүзеге асырады. Пайда алушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс, бұл ретте бір Пайда алушы бойынша төлем мөлшері:
 - 1) қайтыс болған жағдайда - 600 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде жәбірленушінің қайтыс болуы нәтижесінде зиян шеккен тұлғаларға өтеледі (аталған тұлғалар ҚР АҚ 940-бабы негізінде айқындалады);
 - 2) I топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда 500 АЕК;
 - 3) II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда 400 АЕК;
 - 4) III топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда 300 АЕК;
 - 5) уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде, емделуге кеткен шығыстар мөлшерінде, бірақ стационарлық емдеудің әр күні үшін кемінде 1,5 АЕК және бүкіл емдеу курсы үшін 200



АЕК-тен аспайтын мөлшерде. Фискалдық чек, тауар чегі сияқты құжаттар болмаған жағдайда - еңбекке жарамсыздық парағы негізінде еңбекке жарамсыздықтың әр күні үшін 1,5 (бір жарым) АЕК мөлшерінде, бірақ 60 (алпыс) АЕК-тен аспайтын мөлшерде. Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіш (АЕК) пайдаланылады.

4. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының туындауын, оның туындау себептерін, залал мөлшерін және алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады, атап айтқанда:
 - 1) Сақтандыру шартының көшірмесі;
 - 2) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
 - 3) жәбірленушінің ресми талабы;
 - 4) Сақтанушының меншік құқығын растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;
 - 5) сақтандыру жағдайының туындау фактісін және себебін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары: өртке қарсы қызмет актісі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, авариялық қызмет актісі (газ, су құбыры) және т.б.;
 - 6) егер зиянды өтеу туралы талап сот тәртібімен қаралған болса, Сақтанушыға келтірілген залалды өтеу міндетін жүктейтін сот шешімі;
 - 7) келтірілген зиянды бағалау туралы тәуелсіз сарапшының жазбаша қорытындысы және қалған мүліктің сапасына сараптама – қажет болған жағдайда;
 - 8) егер олардың атынан өкілдер әрекет етсе, Сақтанушы мен Пайда алушы өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхат;
 - 9) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар: жеке куәлік, ЖСН, мұраға кіру құқығы туралы куәлік, сенімхат және т.б.;
 - 10) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар: жеке куәлік, ЖСН, тұлғаның қайтыс болуына байланысты төлем алуға құқықты растайтын құжат, сенімхат және т.б.;
 - 11) Пайда алушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері, оның ішінде:
 - еңбекке жарамсыздық парағы, амбулаториялық/стационарлық науқас картасынан үзінді көшірме, диагностикалық зерттеу нәтижелері (R-суреттері және т.б.);
 - мүгедектік тобын растайтын құжаттар;
 - қайтыс болу туралы куәлік.
5. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарланған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыға хат жібереді. Тараптардың еркінен тыс себептерге байланысты Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға жақын арада құжаттарды ұсына алмайтыны туралы Сақтандырушыға хабарлаған жағдайлар бұған жатпайды.
6. Сақтандырушының келісімімен Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру жағдайының туындауының өзге де дәлелдемелерін ұсынуға және/немесе сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін жеткілікті құжаттарды ұсынумен шектелуге құқылы. Қажет болған жағдайда, егер сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларынан зиянның мөлшері мен дәрежесі туралы пайымдау мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайына қатысты қосымша мәліметтер алу талап етілсе, Сақтандырушы өзге құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.
7. Бүлінген мүлікті бағалауды және залал сомасын Сақтандырушы жүргізеді, ол осы мақсаттар үшін лицензияланған бағалаушылардың қызметтерін пайдалана алады. Егер Шарт Тараптарының бірінде немесе Пайда алушыда бүлінген мүлікке бағалау жүргізген тұлғаның біліктілігіне немесе оның объективтілігіне күмән болса, Сақтандырушы/Сақтанушы/Пайда алушы мүлікке келтірілген зиянды бағалау үшін істің нәтижесіне мүдделі емес



- сарапшылардың және/немесе мамандардың қызметтерін пайдалануға құқылы. Бұл жағдайда тәуелсіз сарапшының қызметіне ақы төлеуді бастамашы Тарап жүзеге асырады.
8. Сақтандыру төлемі Пайда алушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі күні болып Сақтандырушының банктік шотынан ақша есептен шығарылған күн, ал зиян заттай түрде өтелген кезде, жоғалған мүлікке ұқсас мүлік ұсынылған күн есептеледі.
 9. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандыру объектісіне қатысты өзге де сақтандыру шарттары қолданылған болса, сақтандыру төлемі әрбір Сақтандырушы сақтандыру объектісін сақтандырған сақтандыру сомаларының арақатынасына пропорционалды түрде бөлінеді, ал осы Шарттың тарапы болып табылатын Сақтандырушы сақтандыру төлемін тек өз үлесіне тиесілі бөлігінде ғана жүзеге асырады.
 10. Егер уәкілетті органдар Сақтанушыға/Пайда алушыға немесе олардың қызметкерлеріне қарсы қылмыстық іс қозғаған болса және/немесе сақтандыру жағдайының туындауына және одан келтірілген залалға әкеп соқтырған мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіліп жатса, Сақтандырушы тергеу аяқталғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға құқылы.
 11. Егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған күнгі осы мүліктің нарықтық құны мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған болса, мүлікке немесе оның қалдықтарына қатысты құқық Сақтандырушыға тиесілі болады. Бұл жағдайда Пайда алушы (жәбірленуші) Сақтандырушыға жазбаша абандон-өтінішті (бүлінген мүлікке қатысты мүліктік құқықтардан Сақтандырушының пайдасына бас тарту) ұсынуға міндетті, оның негізінде Сақтандырушы жоғалған мүліктің немесе оның кез келген қалдықтарының меншік иесі болуға, барлық құқық белгілейтін құжаттармен бірге құқық алуға ие болады. Сақтандырушы өзінің абандон құқығынан бас тартуға құқылы, бірақ егер бүлінген, жоғалған мүліктің нарықтық құны болса, Сақтандырушы тәуелсіз сарапшы айқындайтын бүлінген, жоғалған мүліктің қалдық құнын сақтандыру төлемінен шегеруге құқылы.
 12. Нақты залалдың мөлшері анықталады:
 - а) мүлік толық жойылған, жойылып кеткен (ұрланған) жағдайда - нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан жоғары емес, амортизациялық тозуды, шартсыз франшизаны шегере отырып, сондай-ақ осы Шарттың қолданылу кезеңіндегі тозуды ескере отырып (немесе ескермей), пайдалануға және сатуға жарамды бар қалдықтарды шегере отырып; мүліктің толық жойылуы (жойылуы) деп мүліктің зақымданған жай-күйі, онда оны жөндеуге (қалпына келтіруге) кететін шығындар тозуды ескере отырып мүліктің нақты құнының 80%-ынан асатын жағдай танылады. Зақымданған жай-күйі әрбір объект бойынша жеке айқындалады;
 - б) ішінара бүлінген жағдайда - оны жөндеуге немесе қалпына келтіруге кететін шығындар мөлшерінде немесе егер мүлік жөнделмейтін (қалпына келтірілмейтін) болса, құнының тиісті бөлігі мөлшерінде. Жөндеу (қалпына келтіру) шығындарына жөндеуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын орындауға ақы төлеу шығындары енгізіледі. Жөндеу (қалпына келтіру) шығындарынан жөндеу барысында ауыстырылатын жекелеген бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) қалдық құны шегеріледі.
 13. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстарына жөндеуге арналған материалдарға жұмсалатын шығыстар, жөндеу жұмыстарын төлеуге арналған шығыстар және сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі жай-күйіне келтіру үшін қажетті өзге де шығыстар кіреді. Егер бүлінген бөлшектерді ауыстыру сақтандырылған мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндірмей оларды жөндеу мүмкін болғанына қарамастан жүзеге асырылса, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) осы бөлшектерді жөндеудің құнын өтейді, бірақ оларды ауыстыру құнынан жоғары емес. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстарының сомасынан жөндеу барысында ауыстырылатын бөлшектердің тозуына шегерімдер жүргізіледі.
 14. Сақтандырушы мен Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) арасындағы келісім бойынша жөндеу-қалпына келтіру шығыстары келесілер негізінде айқындалуы мүмкін:



- 1) Сақтандырушының калькуляциясы;
- 2) авариялық комиссардың (сюрвейердің) және/немесе диспашердің (аджастердің) не тәуелсіз сарапшының (бағалаушының) қорытындысы;
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) ұсынған төленген шоттар, сметалар, жүкқұжаттар және өзге де құжаттар негізінде бүлінген мүлікті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына нақты жұмсалған шығыстар мөлшерінде, немесе
- 4) ұсынылған құжаттар негізінде тараптардың келісімі бойынша.
- 15.** Калькуляцияны жасау кезінде бөлшектер мен жұмыстарға орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.
- 16.** Залалдың себептері мен мөлшері туралы тараптар арасында даулар туындаған жағдайда, тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі. Егер сараптама нәтижелері бойынша Сақтандырушының сақтандыру төлемінің бір бөлігінен бас тартуы негізсіз екені анықталса, Сақтандырушы бастапқыда төлеуден бас тартылған сома мен сараптама жүргізілгеннен кейін төленген сақтандыру төлемі сомасының арақатынасына сәйкес сараптама шығыстарының үлесін өз мойнына алады.
- 17.** Егер тараптардың келісімімен Сақтандырушы тарапынан мүліктің жаңа материалдары мен бөлшектерін сатып алуға арналған шығыстарды жөндеу барысында ауыстырылатын жекелеген бөліктердің қалдық құнын шегермей, толық көлемде өтеу белгіленсе, онда Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) жөндеу барысында ауыстырылатын жекелеген бөліктерді Сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.
- 18.** Залалдың мөлшері сақтандыру жағдайы орын алған сәттегі бухгалтерлік есеп пен есептілік деректері бойынша болған мүліктің саны мен сақтандыру құнынан, сондай-ақ бастапқы кіріс және шығыс құжаттары (төлем тапсырмалары, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, тауарлардың ведомствошілік орын ауыстыруы туралы өкімдер және т.б.), тексеру актілері, ревизиялар және т.б. негізінде айқындалады.
- 19.** Егер бухгалтерлік кітаптар, карточкалар, бастапқы құжаттар жойылған болса, онда сақтандыру оқиғасы орын алған сәттегі мүліктің құны сақтандыру жағдайына байланысты жасалған, материалдық жауапты тұлғалардың белгіленген тәртіппен бекітілген тауар-ақша, тауар немесе кассалық есептері негізінде айқындалады. Бұл ретте есептерде көрсетілген тауар-материалдық құндылықтар қалдықтарының соңғы есепті күннен сақтандыру жағдайы орын алған сәтке дейінгі өзгерістері туралы деректер мұқият тексерілуге, ал қажетті жағдайларда тиісті ұйымдардың (тауарларды жөнелткен, ақшалай түсімді қабылдаған және т.б.) құжаттарымен салыстырылуға тиіс.
- 20.** Жекелеген жағдайларда сақтандыру жағдайы орын алған сәттегі мүліктің саны мен құны есептік жолмен, яғни ыдыстың саны мен көлемі бойынша, қалдықтардың саны бойынша, мүлік орналасқан үй-жайдың көлеміне қарай және т.б. айқындалуы мүмкін.
- 21.** Құжаттармен немесе сақтандыру жағдайы орнын және қалдықтарды қарау жолымен оның жойылуы (бүлінуі) сәтінде болғаны дәлелденбейтін мүліктің құны залал сомасына енгізілмейді.
- 22.** Жұмыстарды жедел жүргізуден, мүліктің бұрынғы жай-күйін жетілдіруден немесе өзгертуден туындаған қосымша шығындар және осы сақтандыру жағдайына байланысты емес өзге де шығындар нақты залал сомасына енгізілмейді және сақтандырумен өтелмейді.
- 23.** Нақты залалдың мөлшерін айқындау кезінде мыналар есепке алынбайды және сақтандырумен өтелмейді:
 - 1) мүлікке техникалық, профилактикалық және кепілдік қызмет көрсетуге арналған шығыстар;
 - 2) мүлікті реконструкциялауға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөліктерін, бөлшектері мен тараптарын олардың тозуына, техникалық ақауына және сақтандыру жағдайына қатысы жоқ өзге де себептер бойынша жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
 - 3) сақтандыру жағдайынан туындамаған мүлік бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
 - 4) қаралып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ жетіспейтін бөліктердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны;



- 5) нормадан тыс тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
- 6) сақтандырылған мүлік құнының ұлғаюына әкелетін өзге де шығыстар.
24. Тараптардың келісімі бойынша мүлік жойылған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай түрде өтеуі мүмкін, яғни жойылған мүліктің орнына ұқсас мүлікті ұсына алады.
25. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болған жағдайда да, Сақтандырушымен өтелуге жатады. Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспауға тиіс. Егер шығыстар Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
26. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) қасақана түрде өзіне қолжетімді және ақылға қонымды шараларды ықтимал залалды азайту үшін қабылдамаған болса, Сақтандырушы осындай залалдардың сол бөлігін өтеуден босатылады.
27. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) Шартта көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе залалдың туындау мән-жайлары мен оның мөлшеріне қатысты көрінеу жалған мәліметтер ұсынса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
28. Егер Сақтандыру шартында Шарт жасалған сәттегі сақтандыру сомасы мүліктің нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері франшизаны ескере отырып, сақтандыру сомасы мен мүліктің нақты құнының арақатынасына пропорционалды түрде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СВ) мынадай формула бойынша айқындалады: $СВ = У \times С/СИ$, мұнда: У - нақты залалдың мөлшері; С - сақтандыру сомасы; СИ - мүліктің сақтандыру құны;

15-бап. Сақтандырушыға Сақтанушының залалды өтеу бойынша құқықтарының ауысуы (суброгация)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығы ауысады.
2. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушыға өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық көлемде немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16-бап. Шарттың қолданылу мерзімі және тоқтатылу шарттары

1. Сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) франшиза және амортизация шарттарын қолдануды ескере отырып, толық сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
 - 2) Сақтанушының Шарттан бас тартуы;
 - 3) соттың Шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;



- 4) Сақтанушының сақтандыру объектісіне құқықты жоғалтуы;
- 5) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы немесе Сақтандырушының таратылуы;
- 6) Тараптардың Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы келісімі;
- 7) Тараптардың бірінің Шарт талаптарын елеулі бұзған жағдайда талап қоюы. Шарт талаптарының елеулі бұзылуы деп Тараптардың бірінің Шарт талаптарын орындамауы немесе Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы түсініледі. Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындау фактісі құжатпен расталуға тиіс.
- 8) келесі жағдайларда:
 - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру бойынша шараларды қабылдау мүмкін болмаған кезде;
 - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылуда деген негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыны жазбаша хабардар ету арқылы бұзады.
3. Осы Сақтандыру ережелерінің 2-тармағының 2), 4), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бастамашы Тарап болжанған тоқтату күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.
4. Осы Сақтандыру ережелерінің 2-тармағының 4) – 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысынан сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды есептелген бөлігін ұстап қалуға құқылы.
5. Осы Сақтандыру ережелерінің 2-тармағының 1) - 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды.
6. Егер Сақтанушы-жеке тұлға Шарттан бас тартуына байланысты Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, және бұл осы баптың 2-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Шарт жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде қайтаруға міндетті.
7. Егер Сақтанушы-жеке тұлға қарыз шартына байланысты Шарттан бас тартуына байланысты, яғни қарыз алушы ретінде қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде қайтаруға міндетті.
8. Егер Сақтанушы Шарттан бас тартса және бұл осы Сақтандыру ережелерінің 2, 6, 7-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.
9. Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Сақтанушының сақтандыру шартынан бас тарту құқығы көзделген. Сақтанушы Шарттан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушыға толық көлемде төлеуге, сондай-ақ төлем мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
10. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасын алу фактісі (банк шотынан ақша алу немесе Сақтандырушы кассасынан қолма-қол ақша алу және т.б.) Сақтанушының қайтарылатын сома мөлшерімен келісетінін білдіреді және алынған соманы даулау мүмкіндігін жоққа шығарады. Қайтарылатын сома мөлшерімен келіспеген жағдайда, Сақтанушы аударылған ақшаны шоттан шешпеуге тиіс.



17-бап. Қосымша шарттар

1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар тараптардың өзара келісімі бойынша, тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде енгізіледі.
2. Егер тараптардың бірі Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіспесе, бес күндік мерзімде Сақтандыру шартын бұрынғы талаптарда жалғастыру немесе Сақтандыру шартын тоқтату мәселесі шешіледі.
3. Тараптардың бірінің өтініші алынған сәттен бастап осы баптың 1 және 2-тармақтарынан туындайтын шешім қабылданғанға дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптарда қолданылады.
4. Тараптар ынтымақтастық нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жария етпеуге тиіс.
5. Шарт бойынша келесі оқиғалардың әсерінен немесе олардың болуы жағдайында тікелей немесе жанама түрде туындаған жауапкершілікті сақтандыру қамтылмайды:
 - 1) соғыс, әскери әрекеттер, арнайы операциялар, бітімгерлік акциялар, кез келген қақтығыстар, толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, төңкерістер, билікті құлату, оккупация, интервенциялар және өзге де ұқсас әрекеттер барысында қолдануға арналған немесе қолданылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, техниканың, кемелердің/өзге жүзу құралдарының, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың әсері;
 - 2) соғыс, әскери әрекеттер, арнайы операциялар, бітімгерлік акциялар, кез келген қақтығыстар, толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, төңкерістер, билікті құлату, оккупация, интервенциялар және өзге де ұқсас әрекеттер барысында қолданылған, қолданылып болған немесе залалсыздандырылғаннан кейін қалған кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, техниканың, кемелердің/өзге жүзу құралдарының, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың әсері.
6. Шарт бойынша келесі жағдайларда тікелей немесе жанама түрде туындаған жауапкершілікті сақтандыру қамтылмайды:
 - 1) соғыс жарияланғанына қарамастан кез келген әскери әрекеттер;
 - 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгерлер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;
 - 3) жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
 - 4) терроризмге қарсы операциялар;
 - 5) бітімгерлік операциялар;
 - 6) төтенше жағдай;
 - 7) коменданттық жағдай;
 - 8) әскери жағдай;
 - 9) қозғалысты шектеу режимдері;
 - 10) жаппай тонау, қарақшылық, ұрлық, бұзақылықтың болуы;
7. Шарт бойынша келесі жағдайлардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғауымен қамтылмайды:
 - 1) Сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының конфискациялауы, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, тұтқындауы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы;
 - 2) қандай да бір өзге шарттарға қарамастан, егер мұндай сақтандыру, төлем, қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі қолданылатын сауда немесе экономикалық санкциялар туралы заңнамалық немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзу болып табылса, сақтандыру шарты бойынша мұндай оқиғаларға сақтандыру қолданылмайды және Сақтандырушы қандай да бір төлемдер немесе қызметтер көрсетпейді.



8. Тараптар OFAC, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екенімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе Шартта көрсетілген мекенжайға пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.
9. Тараптар осы баптың 8-тармағына сәйкес Шарт тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғауы кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарт тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.
10. Тараптар OFAC, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға және оның байланысты тұлғаларына қолданылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен, оның ішінде санкциялар мен шектеулер енгізілгенге дейін болған оқиғалар бойынша да, келіседі.
11. Тараптар осы баптың 8-тармағына сәйкес Шарт біржақты бұзылған және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы өсімпұл төлемейтінін және Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға қандай да бір залалды өтемейтінін келіседі.
12. Тараптар үшінші тұлғаларға, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына, қызметтік және коммерциялық ақпарат құпиясын немесе жария ету бір Тарапқа немесе олардың бірлескен қызметіне зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді бермеуге міндеттенеді.
13. Сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттердің басқа тұлғаларға ауысуына жол берілмейді, егер бұл Тараптардың қосымша жазбаша келісімімен көзделмесе.
14. Сақтандыру ережелерінде көзделмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
15. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы алдыңғы 7 (жеті) жыл ішінде орналасқан жеріне және сақтандыру орнына қарамастан залалдардың болмағанын және осы Шарттың пәніне ұқсас сақтандыру пәні бойынша басқа сақтандыру компанияларымен шарттар жасамағанын растайды және мәлімдейді.
16. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы дұрыс емес мәліметтер ұсынудың салдарлары, атап айтқанда сақтандыру төлемінен бас тарту немесе сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы хабардар етілгенін және келісетінін растайды.
17. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыру ережелерінің барлық талаптарымен танысқанын, оларды оқығанын және әрбір бетімен келісетінін растайды.
18. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы өтініш-сауалнамада жауаптардың болмауы жағдайында Сақтандырушы тиісті толтырылмаған бос жолдарды өз пайдасына түсіндіретінімен келіседі (мысалы, күзет туралы белгі болмаған жағдайда – күзет бар деп болжанады (ал егер күзет болмаса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп есептеледі), ал өткен жылдар мен айлардағы залалдар туралы жол бос болса – залалдар болмаған деп болжанады, ал болған жағдайда Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп есептеледі және т.б.) және Сақтанушы қолайсыз ақпаратты жасыру мақсатында көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп болжанады.

18-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Сақтандыру шарты бойынша тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына беріледі.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ҮШІНШІ ТҮЛҒАЛАР МЕН ЖАЛҒА БЕРУШІ
АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Үшінші тұлғалар мен жалға беруші алдындағы азаматтық-құқықтық
жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережелерінің
№ 1 Қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ / СТРАХОВОЙ ПОЛИС	№
САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA
САҚТАНУШЫ (аты-жөні, ЖСН, АБ, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / СТРАХОВАТЕЛЬ (Ф.И.О., ИНН, ПА, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН САҚТАНУШЫ (аты-жөні, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / ЗАСТРАХОВАННЫЙ (Ф.И.О., код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
ПАЙДА АЛУШЫ САҚТАНУШЫ (аты-жөні, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / ВЫГОДОПРИОБРЕТАТЕЛЬ (Ф.И.О., код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІНІҢ МЕКЕН ЖАЙЫ / МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ ОБЪЕКТА СТРАХОВАНИЯ	
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
_____	_____
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	
БЕЗУСЛОВНАЯ ФРАНШИЗА / ШАРТСЫЗ ФРАНШИЗА	
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «_» _____ 20__ года по «_» _____ 20__ года. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	
ПОЛИСІН ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	
КОМИССИЯ/АГЕННІК ТӨЛЕМ	

Сақтандыру шарттарымен таныстым, өзін хабарлаған деректердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений мною подтверждаю, полис получил.
Сақтандыру Ережесімен таныстым және алдым / С Правилами страхования ознакомлен и копию получил

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/
Страховщик (или его представитель):
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

_____ (аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

_____ (аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

М.П.

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИНН/БИН

телефон

Берілген күні / Дата выдачи: «_» _____ 20__ ж./г.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ҮШІНШІ ТҮЛҒАЛАР МЕН ЖАЛҒА БЕРУШІ
АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

ТАРАПТАРДЫҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыға оның қаржылық тұрақтылығы бойынша және төлем қабілеттігі бойынша ақпарат талап ету;
- 2) сақтандыру жағдайы басталғаннан бастап, егер ол Пайда алушы болса, осы Полис бойынша сақтандыру төлемін алу;
- 3) басқа да Қазақстан Республикасының заңдарындағы көзделген құқықтарға не.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Полисті алмас бұрын Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау және осыған сәйкес Сақтандырушының сақтандыру Полисін беру туралы шешім қабылдау;
- 2) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалынатын сақтандыру шарттары туралы хабарлау;
- 3) сақтандыру Полисінде белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 4) сақтандыру талаптарын сақтандырылған тұлғаларға жеткізу;
- 5) сақтандыру шарты әрекет ету кезінде сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабарлап отыру;
- 6) сақтандыру Ережесінің шартын орындауға (сақтандырылғанның сақтандыру Ережесін бұзылуы, сақтанушының өзі сақтандыру Ережесін бұзды деп танылады);
- 7) сақтандыру жағдайының белгісі бар не сақтандыру жағдайына әкеп соғуы мүмкін кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап Сақтандырушыға осы Полисте көрсетілген мерзімде дереу хабарлау;
- 8) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін немесе тоқтату үшін шаралар қолдануға;
- 9) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасына байланысты барлық ақпаратты ұсыну келтірілген шығынның көлемі мен сипатын себептері мен жағдайын ұсыну;
- 10) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз ету.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырылатын мүлікті қарау, керек жағдайда оның нақты құнын анықтау үшін сараптама тағайындау;
- 2) Сақтанушы берген ақпараттар мен құжаттарды, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) осы Полис талаптарын орындалуын тексеру;
- 3) Сақтандыру жағдайының белгісі бар кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап өз бетінше оқиғаның себебін анықтау, құзыретті органдарға сұраныс жіберу;
- 4) сақтандыру оқиғасының фактісін анықтау үшін (шығу себебі) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан ақпарат талап ету;
- 5) зақымдалған мүлкін қарап тексеруге, қатысуға;
- 6) сақтандыру оқиғасы қасақана Сақтанушының немесе оның құзыретті адамының себебінен болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе сақтандыру оқиғасы деп танымау туралы жазбаша Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға / Пайда алушыға) хабарлау;
- 7) кез-келген жағдайда сақтандыру қауіпін тексеру, тексеріс жүргізу;
- 8) сақтанушы немесе сақтандырылған сақтандыру шартын немесе сақтандыру Ережесін бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) тағы да басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен көрсетілген әрекеттер жасау;
- 10) Сақтанушыдан тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және өзге де ақпаратты сұрауға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалдарын азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеуге;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;
- 5) Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны) 15 күннің ішінде сақтандыру жағдайына тиісті құжаттардың жетіспейтінін хабарландыру;
- 6) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:
- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚКТК тізбесі) болуы;
- сақтанушымен/ сақтандырылушымен тиісті тексеруді жүргізу үшін сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбау; - ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операция ҚІЖ және ТҚ мақсатымен жасалғанын болжауға негіздеме бар болған жағдайда.
5. Сақтандыру оқиғасы болған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) не оның өкілі сақтандырылған мүлікті сақтау және құтқару үшін, кінәлі тарапқа суброгация құқығын қамтамасыз ету үшін шараларды жасауы тиіс және қоса Сақтанушы сақтандыру оқиғасы болған кезде дереу, бірақ 3 (Үш) күннен кешіктірмей, мейрам және демалыс күндерін қоспағанда, жазбаша түрде Сақтандырушыға (немесе оның өкілетті тұлғасына) хабарлауы тиіс және тағы да басқа мүлкті сақтандыру Ережелерінде көрсетілген әрекеттер жасау.
6. Сақтандыру оқиғасының болуы және одан келген шығынды дәлелдеу Сақтанушының мойнында.
7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
8. Осы талаптарда реттелмеген басқа да сұрақтан бойынша тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ үшінші тұлғалар мен жалға берушінің алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру ережелерін басшылыққа алады.

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь вправе:

- 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая, если он является Выгодоприобретателем по настоящему Полису;
- 3) на иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

2. Страхователь обязан:

- 1) перед получением настоящего Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о выдаче настоящего Полиса;
- 2) письменно сообщать Страховщику обо всех заключенных и заключаемых Договорах страхования с другими страховыми компаниями;
- 3) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные настоящим Полисом;
- 4) довести до сведения Застрахованных условия страхования;
- 5) информировать Страховщика о состоянии страхового риска;
- 6) выполнять условия Правил страхования (нарушение Правил страхования застрахованным расценивается как нарушение Правил страхования самим страхователем);
- 7) уведомлять Страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки, установленные настоящим Полисом;
- 8) предпринимать меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 9) предоставлять Страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка;
- 10) обеспечить переход к Страховщику права к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

3. Страховщик вправе:

- 1) перед выдачей настоящего Полиса произвести осмотр страхового имущества, а при необходимости – назначить экспертизу в целях установления его действительной стоимости;
- 2) проверить предоставленную Страхователем (Застрахованным) информацию и документы, а также выполнение Страхователем (Застрахованным) требований и условий настоящего Полиса;
- 3) самостоятельно выяснить причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 4) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;
- 5) участвовать в осмотре поврежденного имущества;
- 6) отказать в страховой выплате в случае умысла Страхователя или его уполномоченного лица, а также при невыполнении Страхователем условий настоящего Полиса, либо непризнания события страховым случаем, письменно уведомив об этом Страхователя (Застрахованного / Выгодоприобретателя);
- 7) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска;
- 8) на досрочное прекращение договора страхования в случае нарушения страхователем или застрахованным договора страхования или Правил страхования;
- 9) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан;
- 10) запрашивать у Страхователя документы и иную информацию, необходимые для осуществления надлежащей проверки.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные в настоящем Полисе;
- 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 4) обеспечить тайну страхования;
- 5) уведомить Страхователя/Застрахованного о недостающих документах, касающихся страхового случая в срок не позднее 15 календарных дней, с даты получения документов.
- 6) отказать в страховой выплате в следующих случаях:
- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
- не предоставление страхователем/застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу страховщика для проведения надлежащей проверки;
- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.
5. При наступлении страхового случая Страхователь (Выгодоприобретатель) или его представитель обязаны принять меры к спасению и сохранению поврежденного имущества, а также обеспечению права суброгации к виновной стороне, а также незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, не считая выходных и праздничных дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах страхования имущества от ущерба.
6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.
7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами страхования гражданско-правовой ответственности перед третьими лицами и арендодателем АО «Страховая компания «Евразия»».



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР МЕН ЖАЛҒА БЕРУШІ
АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**